



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)

2022 жылғы 17 наурыздағы
№ 16-13-104 Д/С хатына

Құрметті депутаттар!

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Бірінші мәселе бойынша

Қазіргі таңда Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ) «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» атты жеті томдық академиялық басылымын әзірлеуде. Бұл жұмысқа еліміздің жетекші ғылыми институттары тартылды (Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Халықаралық Түркі академиясы, Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институты, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Мемлекет тарихы институты).

Көптомдық еңбекті 2023 жылы басып шығару жоспарлануда.

Екінші мәселе бойынша

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының 2022 – 2026 жылдарға арналған Көші-қон саясаты тұжырымдамасының жобасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) әзірленді.

Тұжырымдамада көші-қон процестерін реттеуге бағытталған келесі нақты шаралар қарастырылған:

- оңтүстік өңірлерден солтүстікке жұмыс күшін тартқан кәсіпорындардың шығыстарын өтеу;
- облысшілік және өңіраралық қоныс аударуды ынталандыру;

- түрлі себептермен өмір сүруге қолайсыз елді мекендердің тұрғындарына көшуге жәрдемдесу;

- қоныс аударушыларға ауыл шаруашылығымен айналысу үшін жер учаскелерін беру;

- солтүстік өңірлерге қоныс аударған қандастарға азаматтық алғаннан кейін тұрғын үйге кезегін сақтау.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру арқылы 2026 жылға дейін солтүстікке қоныс аударған азаматтардың жұмыспен қамту деңгейін 87 %-ға дейін жеткізу көзделген. Инфрақұрылымдық жобаларды еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін оңтүстік аймақтардан 35 мың адамды тарту жоспарланған.

Еңбек күші тапшы өңірлерді қолдау мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударушылардың квотасын бекітеді. Биылғы жылы квота 6587 адамды құрады.

Сонымен бірге Парламент Сенатының «Өңір» депутаттық тобының бастамасымен мынадай шаралар пысықталып жатыр:

- қоныс аударушыларға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй, сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін (*ауданы кемінде 0,1 га*) беруді жеңілдету;

- қажетті мамандықтар бойынша жұмысқа орналасатын қоныс аударушылар, сондай-ақ олардың жұмыс берушілері тұрғын үй салу кезінде өз қаражаты есебінен жұмсаған шығындарын өтеу (*кемінде 50 %*);

- субсидияларға қол жеткізу үшін қоныс аударушылардың кредит берешегіне каникулдар белгілеу (*мерзімі 6 айдан 1 жылға дейін*).

Баяндалғанның негізінде шекара маңындағы өңірлерді дамыту жөніндегі дербес бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігі жоқ деп санаймыз.

Үшінші мәселе бойынша

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (бұдан әрі – АҚДМ) ғаламторда қолжетімді ресурстар мен әлеуметтік желілерді тәулік бойы қадағалайды. Заңнаманы бұзу фактілері анықталған жағдайда интернет-ресурстың әкімшілігіне ескертулер мен хабарламалар жолданады. Ескертулер түзетілмеген болса, интернет-ресурс сот шешімімен заңнамада белгіленген тәртіппен бұғатталады. Жарияланған материалдарда қылмыстық іс-әрекеттің белгілері анықталса, олардың авторлары мен таратушылары қылмыстың жауапкертішікке тартылады.

Заңға қайшы контенттің таралуына жол бермеу мақсатында уәкілетті органдар ВКонтакте, Одноклассники, Mail.ru, Livejournal, Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінің әкімшілігімен тығыз ынтымақтастық орнатты.

2022 жылы АҚДМ жүргізген мониторингтің нәтижесінде 36484 заңға қайшы материал бұғатталды.

Анықтама ретінде: 35 мыңнан астамы - терроризм, діни және этникалық экстремизм идеологиясын тарату; 332-сі – есірткі құралдарын насихаттау және тарату;

531-і – порнографияны, қатыгездік пен суицидті насихаттау; 32-сі – ар-намысқа тіл тигізу, билікті қорлау бойынша, 111-ге жуығы - жалған ақпарат тарату бойынша және т.б.

2022 жылдың басынан бастап АҚДМ 1825-тен астам материалды бұғаттады.

Анықтама ретінде: 12-сі – терроризм, діни және этникалық экстремизм идеологиясын тарату; 226-сы – есірткі құралдарын насихаттау және тарату; 1028-і – порнографияны насихаттау, 215-і – жалған ақпарат тарату бойынша, 293-і – «Ойын бизнесі туралы» Заңды бұзу бойынша және т.б.

Жергілікті БАҚ-тың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру мақсатында 2020 жылы Ақпарат саласын дамытудың 2020 – 2023 жылдарға арналған ұлттық жоспар (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) қабылданды.

Ұлттық жоспардың шеңберінде отандық телеарналардың эфирінде меншікті контенттің үлесін арттыру, телеарналардың цифрлық хабар таратуға көшіру, баспа басылымдарының электрондық нұсқаларын дамыту және журналистердің біліктілігін арттыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.\

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде 2021 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақстан» телерадиокорпорациясында меншікті өнімнің эфирдегі үлесі 96 %, ал «Хабар» агенттігінде 71,9 % құрады.

Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, Алматы, Жамбыл, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстары цифрлық хабар таратуға көшірілді. Қазіргі таңда халықтың 92 % тұратын аумақ цифрлық хабар таратумен қамтылған.

Сонымен бірге «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің электрондық нұсқалары белсенді дамуда. Қазіргі уақытта еліміздің ең ірі екі газетіне 180 мың адам жазылған.

Журналистердің кәсіби біліктілігін жоғарлату үшін мультимедиялық білім беру платформасы іске қосылды, журналистік тергеу бойынша бакалавриат бағдарламасы және экологиялық журналистика бойынша магистратура бағдарламасы ашылды.

Онлайн-кеңістікте қазақстандықтардың санасын теріс ілімдер мен идеялардан қорғауға арналған баяндаманы әзірлеу мәселесі пысықталатын болады. Осы мәселе бойынша қабылданған шешім туралы сіздерді АҚДМ қосымша хабардар етеді.

Төртінші мәселе бойынша

Қазақ тілінің мәртебесін арттыру «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының басым міндеттерінің бірі болып табылады. Ұлттық жоба шеңберінде орта, арнайы техникалық және жоғары білім беру ұйымдары үшін «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары әзірленеді. Сондай-ақ танымал анимациялық фильмдер қазақ тілінде дубляждалады.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту үшін 2021 жылғы желтоқсанда заңнамаға көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді.

Қазақ тілінің терминологиялық базасын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жалпы 1971 жылдан бері 31611 терминге лингвистикалық

сараптама жасалған. Биыл қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 6 мың терминге сараптама жасау жоспарлануда.

Жаңа терминдерді біріздендіру мақсатында «Termincom.kz» қызмет етеді. Мақұлдауға ұсынылған салалық терминдерді тек комиссия мүшелері ғана емес, сала мамандары мен жалпы жұртшылық талқылайды.

Қазақ тілін ұлтаралық қатынастар тіліне айналдыру мақсатында жыл сайын оқыту курстары мен түрлі байқаулар, ынталандыру шаралары ұйымдастырылып келеді. Сонымен қатар қазақ тілі ұлттық корпусының мәтіндік базасын құру жұмысы қолға алынды. 2021 жылы публицистикалық мәтіндердің 2 млн бірлігіне талдау жасалып, qazcorpora.kz сайтына орналастырылды.

Бесінші мәселе бойынша

Отандық әдебиетті қолдау мақсатында Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – МСМ) оқырмандардың сұранысына ие кітаптарды конкурс негізінде мемлекет есебінен басып шығарады, оның ішінде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармалар да жарық көреді.

2010 – 2020 жылдар аралығында МСМ-нің қолдауымен Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев, Жақан Смақов, Оспанхан Әубәкіров, Ақселеу Сейдімбек, Марат Қабанбай, Шакен Күмісбайұлы, Қастек Баянбаев, Байбота Қошым-Ноғай, Асылбек Абдрахман, Баянғали Әлімжанов, Нұрдәулет Ақыш, Әбдірайым Толымбек, Әлібек Файзуллаев сияқты танымал жазушылардың кітаптары жарыққа шығып, мемлекеттік кітапханаларға тегін таратылды.

Мемлекеттік тапсырыс аясында балалар әдебиетін басып шығаруға басымдық беріліп отыр. Атап айтқанда, 2021 жылы балалар әдебиеті жанрында 40 туынды 120 мың дана таралыммен басылды. Мемлекеттік тапсырыспен басылып шыққан әдебиет оқырмандарға қолжетімді болу үшін олардың электронды нұсқалары Қазақстанның ұлттық электрондық кітапханасына жүктеледі.

2019 жылы ерте заманнан қалыптасқан қазақ балалар әдебиеті мұраларын сақтап, келер ұрпаққа жеткізу мақсатымен «Балалар әдебиетінің алтын қоры» қалыптастырылды. Арнайы комиссияның шешімімен қорға балалар әдебиеті жанрында 2582 кітап енгізілді.

Былтыр кітап оқуды дәріптеуге бағытталған үшжылдық жалпыреспубликалық жоспар қабылданды, онда 67 іс-шара қарастырылған.

Жоспардың шеңберінде 2021 жылғы желтоқсанда danabala.kz балалар әдебиеті сайты іске қосылды. Сайтта өткен ғасырдың 50 жылдарынан бері жарыққа шыққан қазақ қаламгерлерінің 22 кітабының электрондық нұсқасы орналастырылды. Қазіргі уақытта порталға отандық балалар қаламгерлерінің және шетелдік ақын-жазушылардың 200-ге тарта шығармалары жүктелген.

Сонымен қатар ағымдағы жылғы республикалық деңгейде «Үздік шығарма» «Жылдың үздік кітабы» байқаулары өтеді.

Жас қазақстандық жазушылар мен ақындарды қолдау үшін Президенттік әдеби сыйлық тағайындау мәселесі пысықталуда. Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тиісті Жарлық жобасы мүдделі мемлекеттік органдармен келісілуде.

Президенттік сыйлық «Проза», «Поэзия», «Драматургия», «Балалар әдебиеті» номинациялары бойынша бұрын-соңды жарық көрмеген шығармалары үшін Қазақстан Республикасының 18-29 жас аралығындағы азаматтарына табысталатын болады.

Баяндалғанның негізінде отандық әдебиетті қолдау үшін қолданыстағы заңнамада жеткілікті тетіктер қарастырылған деп санаймыз.

Алтыншы мәселе бойынша

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Парламенті Мәжілісінің депутаттары бастамашылық жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасына (бұдан әрі – Заң жобасы) азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғауға бағытталған нормалар енгізілді. Бүгінгі күні Заң жобасы Парламентте пысықталып жатыр.

Кибербуллинг бойынша түзетулер уәкілетті органның заңға қайшы контентті бұғаттау бойынша жұмысының тиімділігін арттырады және еліміздің ақпараттық кеңістігін адамның санасына теріс әсер ететін материалдардан қорғауға мүмкіндік береді.

Жетінші мәселе бойынша

Орта білім беру мазмұнын еңбек нарығының талаптарына, педагогика және психология саласындағы жаңалықтарға сәйкестендіру үшін Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының базасында арнайы жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобы бастауыш сынып оқушыларының психоэмоционалдық жағдайын ескере отырып, академиялық пәндердің мазмұнын қайта қарау, жоғары сынып оқушыларын кәсіптік бағдарлау, оқушылардың дербестігін, әлеуметтік дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, инклюзивті білім берудің қолжетімділігін арттыру мәселелерін пысықтайды.

Жалпы еліміздің рухани құндылықтарын сақтау және оларды мектеп бағдарламасы, әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дәріптеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Е. Тоғжанов